



"Нұр-Сұлтан қаласының Білім беруді жаңғырту орталығы"

**«Сәндік-қолданбалы бұйымдарын (басқұр, алаша, белбеу, мойынорағыш) замануи тәсілмен тоқу арқылы ұлттық құндылыққа баулу» Шебер сынып**

Айтбаева Гульмира Карабаевна, қол өнер үйірме жетекшісі  
Абай Құнанбайұлы атындағы № 87 мектеп-гимназия КММ,



## **Мақсаты:**

- Халық қолөнерінің тоқу ісінде қолданылатын қарапайым әдістермен танысу.
- Тоқу ісін үйрене отырып шеберліктерін дамыту.
- Тоқу ісімен бірге оқушыларды әсемдікке, ұлттық қолөнерді дамытуға тәрбиелеу.

## **Жұмыс жабдықтары:**

Өрмек тоқуға арналған станок, қажетті құралдар макеттері, суреттері және жіп түрлері.



► Өрмек халық өнерінің тоқу ісінде қолданылатын қарапайым әдісі. Күрделі техникасыз, кез - келген жағдайда қолданылып, керекті жабдықтарды оңай табылатын өрмектің екі түрі бар.

1. Аспалы немесе термелі өрмек.

2. Жай өрмек.

Біріншісінде кілем сияқты тұтас, енді заттар тоқылады.

Екіншісінде шекпен, алаша, қап, қоржын, терме бау, басқұр сияқты еңсіз заттар тоқылады.


► Қарастыратынымыз – жай өрмек. Жай өрмекті құрып, тоқу үшін мынада жабдықтар қажет:

1. Өрмек өрісінің қазықтары.

2. Күзу шыбығы – қабатталған шиден, тобылғыдан, сымнан жасалады.

3. Адырғы – екі жақ шеті жонылған, ортасы сәл дөңес, ені 20 – 25 см. тақтай.

4. Есепші немесе кергіш сабау. 1 - қазық, 2 – жүгіртпе, 3 – арқау, 4 – есіп сабау, 5 – адырғы, 6 – қылыш, 7 – күзу қазығы, 8 – күзу аралығы, 9 – күзу шыбығы.



- ▶ 5. Қылыш – қылыш тәрізді, сырт жағынан 3 - 4 мм. дейін, дүз жағын 6 – 7 мм. жонылған, ені 12 – 15 см. жалпақша келген ағаш.
- ▶ 6. Арқау шөлмегі – екі басының кішкене ашасы бар 20 – 30 см. ағаш.
- ▶ 7. Арқалық – 1 – 1, 5 метр шамасындағы түзу ағаш.
- ▶ 8. Көтерме немесе мосы – басы біріктірілген үш ағаштан тұрады.
- ▶ 9. Өрмек жіптер.  
10 – бақылау жібі  
11 – күзудің көтермесі.





- ▶ Алаша, басқұр, мойынорағыш, белбеу бүктеуге, жинауға, алып - салуға қолайлы бұйым. Өрмекпен тоқылған бұйымның ені әдетте 40 – 50 сантиметрден аспайды. Сондықтан мұның бірнеше кесіндісін біріктіре құруға тура келеді. Бұл үшін шебер тоқылған материалдың ұзына бойы мен енін өлшеп, одан кейін кесіп, құрау қажеттігін есептейді. Әдетте өрмек жіптердің 35 – 40 сантиметрдейі тоқуға келмей қырқылады. Мұны «өрмектің қырқындысы» дейді. Бұйымның бойларын құрау үшін осы қырқынды жіптерді пайдаланады. Бұл жіптер ақ, қара, көк, қызыл – төрт түсті делік. Ендердің жапсары бойына осы төрт түсті жіптер кезектестіре отырып бұзау тіс тігісімен аралықтарын 1 – 2 сантиметрдей етіп сыналап енгізіледі. Өрмекке арналған жіптер бірнеше түс болып, бөлек – бөлек домалақтанады. Әзір жіптерді мөлшерлеп, екі топқа бөледі. 1 – сі өрмектің күзуіне ілінетін үстіңгі, ал 2 – сі күзуге ілінбейтін астыңғы жіптер. Арқау – ерсі (үстіңгі) және қарсы жіптердің арасында көлденең түсіп отыратын жіп. Күзу – бұл тоқылмайды, тек тоқылатын жіптерді ажыратып, әр қайсысын өз орнына тізу үшін қолданылады. Өрмектің ерсі және қарсы жіптерін екі адам алады да өрісті төрт қазығын айнала жүріп, соған төгеді. «Өрмек жүгіру» біткен соң қазықтарды суырып тастап, өрістегі жіпті екі еселеп жинайды. Арқалықтың асты, яғни екі жіптің арасы 10 – 15 сантиметр болып, бұл қуысқа қылышты өткізіп қояды. Ары қарай өрмек тоқу жұмысы жалғастырылады.





# Шығармашылық жұмыс сәттері

